«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

# ХАТТАМА № 3

2022 жылғы 24 қараша
Жаңаөзен ауылы

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі,
мектеп психологтары, сынып жектекшілер,

**Күн тәртібі:**

1. 1 – 11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейін бақылау (әдістемелік кеңес және комиссия мүшесі)
2. 5 – сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі (мектеп психологі А.М Канашева)

## ТЫҢДАЛДЫ:

1. Д.Б Унуспаева – әдестемелік кеңес және комиссия мүшесі.

Мақсаты: 1 тоқсанда білім сапасы төмен сыныптардың сабаққа қатысу деңгейін анықтау.

6 «Ә» сынып. Мұғалімі А.С Бейсенбина

Тақырыбы: Types of films. Kyzgaldak. Сабаққа 10 оқушы қатысты. Сабақ барасында үй тапсырмасы тексерілді, жаңа сөздермен жұмыс жүргізілді. Сонымен барысында аудио материалдар қолданылды, жекелей жұмыс, жұппен жұмыс жасалынды. Оқушылар айтарлықтай белсенділік танытпады, барлық балалар қатыспады, бірақ Максутканова Алинаны ерекшелеп атап өтуге болады.

5 «Ә» сынып Мұғалімі Нысангалиева Д.А

Тақырыбы: Outdoor, factory and service jobs. Сабаққа 13 оқушы қатысты Үй тапсырмасы тексеріліп, жаңа грамматикалық тақырып енгізілді. Мұғалім түсіндірме жұмыстарын жүргізгеннен кейін, оқушылар жаттығулар орындады. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытпады, әсіресе Ғани А, Нурфулет С. Мұғалім бұл оқушыларға жекелей түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сабаққа белсенділік танытқан оқушылар деп Нұрғали Д, Маралбаева М атап кетуге болады.

5 А сынып. Мұғалімі Айжанова Ж.Н

Тақырыбы: Outdoor, factory and servict jobs. 2. Барлығы 12 оқушы қатысты. Сабақ басында үй тапсырмасы тексерілді, мұғалім оқушыларға аудио тындатып, тындалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап берді. Жаңа сөздермен жұмыс жүргізіліп, баларға таратпа материалдар беріліп, топпен жұмыс жасады. Соның өзінде аса белсенділік танытпады. Бірақ Айтуғанов С атап кетуге болады.

8 «Ә» сынып. Мұғалімі: Нысангалиева Д.А

Тақырыбы: Unit revision. Сабаққа 15 оқушы қатысты. Сабақ барасында қайталауға арналған жаттығулар орындады. Жекелей жұмыс жүргізілді. Сыныпта белсенділік танытқан оқушылар. Тоқтарбай Перизат, Құрметқан Қатила, Жеңісхан Оспан. Сабақта белсенділік танытпаған: Нұрзат Жанат, Мейрамхан Нұрлыбек, Жұмағали Елдос.

8 «А» сынып. Мұғалімі: Бейсенбина А.С

Тақырыбы: Asking for and giving advice. Топта барлығы 12 оқушы. Оқушылардың үй жұмысы тексеріліп,жаңа тақырып енгізілді. Жаңа тақырыпқа сай сөйлемдердің аудармасы айтылып,

мұғалім артынан кайталады. Тақырып бойынша аудио диалог тындап, артынан жұппен диалог оқыды. Кейін өздері ұқсас диалог құрды.

II. А.М.Канашева - мектеп психологі.

- 2022 -2023 оқу жылының психологиялық жоспарына сәйкес 5 сынып окущыларының орта буынға бейімделуін анықтау I, II тоқсанға жоспарланған. Жоспарға сәйкес 5 сынып оүушыларына оқытуға жән оқуға деген көзқарастарын анықтауға арналған «Қызығушылық картасы» әдістемесі алынып, хаттамасы толтырылды. Әдістеменің нәтижесі пен мұғалімдері, сынып жетекшілерімен және ата – аналарға таңыстырылып, кеңестер берілді.
5 а,ә сыныптарымен бастауыш буынға орта буынға өту кезіндегі бейімделуін психологиялық дайындығын, ой –өрісін даму деңгейін анықтау, психологиялық көмек кһрсету мақсатында « Бесінші сынып дегеніміз не?» «Алақай біз 5 сыныпқа барамыз» тренингі өткізілді. Сыныптағы қарым қатынасты нығайту зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Кибербуллинг және буллингтің алдын - алу» тақырыбында психологиялық сағат ұйымдастырылды. 28 қазан күні ата –аналар жиналысында « 5 сыныпқа бейімдеуінде қиындықтар анықталмады.

Қоралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:
1. 1-11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейі жә»не 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін бақылау әрі қарай жалғастырылсын.
2. Осы қаулының орындалуын директордың оқу – тәрбие, мектеп психологтарына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Кеңес төрайымы Байгалиев К
Хатшы Мадыбаева А